

**Қазақстан Республикасында жүргізілетін ашық ғылыми-зерттеу,  
тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды  
мемлекеттік тіркеу және олар бойынша есептік құжаттарды табыс ету тәртібін  
бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 19 қараша 1993 ж. N 1161. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасында жүргізілетін ашық ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды мемлекеттік тіркеудің және олар бойынша есептік құжаттарды табыс етудің осыған қосылған тәртібі бекітілсін.

2. Республиканың министрліктері мен ведомстволары, кәсіпорындары мен ұйымдары аталған тәртіпке сәйкес 1994 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институтында ашық ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстардың (бұдан былай - ҒЗТКЖ) тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі:

ҒЗТКЖ туралы ақпарат материалдарының мемлекеттік қорын құрауды қамтамасыз етсін және 2 айлық мерзімде осы Қор туралы ережені әзірлеп, б е к і т с і н ;

аталған қордың негізінде республиканың ғылыми-техникалық әлеуетінің жай-күйі мен оның даму үрдістеріне, Қазақстанның технологиялық құлшынысының Ұлттық мемлекеттік бағдарламасы мен республикалық нысаналы ғылыми-техникалық бағдарламаларды жүзеге асырудың барысына талдау жасап, ақпараттық-талдама материалдарды Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік басқару органдарына жыл сайын табыс етуді ұйымдастырсын.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-министрі*

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы

М и н и с т р л е р            К а б и н е т і н і ң

1 9 9 3            ж ы л ғ ы            1 9            қ а р а ш а д а ғ ы

**Қазақстан Республикасында жүргізілетін ашық  
ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық  
жұмыстарды мемлекеттік тіркеу  
және олар бойынша есептік құжаттарды табыс ету  
Тәртібі**

**Жалпы ережелер**

1. Осы Тәртіп ашық және "Қызмет бабында пайдалану үшін" деген белгісі бар ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстарды (бұдан былай - ҒЗТКЖ) тіркеу жұмысын ұйымдастыруға, олар бойынша есептік құжаттарды табыс етуге және Қазақстан Республикасында жүргізілетін ҒЗТКЖ туралы ақпарат әзірлеуге қойылатын бірыңғай талаптарды белгілейді.

2. Бюджет қаражаты мен бюджеттен тыс қаржыны пайдалану арқылы қаржыландырылатын, ведомстволық бағынысы мен меншік нысанына қарамастан, Қазақстан Республикасының барлық ұйымдары, кәсіпорындары мен мекемелері, олардың дербес баланстағы филиалдары мен бөлімшелері (бұдан былай - ұйымдары) орындайтын ҒЗТКЖ міндетті түрде мемлекеттік тіркеуге жатады.

Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілетін басқа ҒЗТКЖ-ны тіркеу осы жұмыстарды жарнамалау және олар туралы ақпарат тарату мақсатында ерікті түрде жүзеге асырылады.

3. ҒЗТКЖ-ны мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Қазақ мемлекеттік ғылыми-техникалық ақпарат ғылыми-зерттеу институтына (бұдан былай - ҚазмемҒАҒЗИ) жүктеледі.

4. Осы Тәртіпте көзделген тіркеу және есептік құжаттар ҚазмемҒАҒЗИ-ға тегін табыс етіледі. Оларды әзірлеу мен жөнелтуге байланысты шығындарды атқарушы ұйымдар ҒЗТКЖ-ны жүргізуге бөлінетін қаржы есебінен көтереді.

5. Есептік құжаттарды тіркеу және жинау негізінде ҚазмемҒАҒЗИ ҒЗТКЖ туралы ақпараттар материалдарының мемлекеттік қорын құрайды. Қазақстан Республикасында жүргізілетін жұмыстар туралы автоматтандырылған деректер жиынтығын жүргізеді, республиканың заңды және жеке тұлғаларына жүргізіліп жатқан және аяқталған ҒЗТКЖ туралы, сондай-ақ орындаушы ұйымдар туралы ақпарат белгіленген тәртіп бойынша ашық болуын қамтамасыз етеді.

Белгіленген үлгідегі тіркеу және ақпарат карталарын жасауды ҚазмемҒАҒЗИ

орталықтандырылған түрде жүзеге асырады.

6. ҒЗТКЖ-ны тіркеу және олар бойынша есептік құжаттарды табыс ету жөніндегі жұмыста ҚазмемҒАҒЗИ ұйымдар мен кәсіпорындарға әдістемелік көмек көрсетеді.

7. Тіркеу және ақпарат карталарының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыруға және есептік құжаттарды ресімдеуге қойылатын талаптарды Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі бекітеді.

### **ҒЗТКЖ - ны тіркеу**

8. Тікелей орындаушы ұйым ҒЗТКЖ-ны тіркеу үшін белгіленген үлгідегі тіркеу картасын жұмысты қаржыландыру қолға алынған сәттен бастап әрі кеткенде 30 күн ішінде ҚазмемҒАҒЗИ-ға жібереді.

ҒЗТКЖ-ны бірнеше ұйым жүргізген ретте (кешенді жұмыстар) әрбір орындаушы ұйым өзі дербес атқаратын жұмыс бөлігіне қатысты тіркеу картасын ҚазмемҒАҒЗИ-ға жібереді.

ҚазмемҒАҒЗИ тіркеу картасы бойынша жұмысқа тіркеу нөмірін береді және 20 күндік мерзімде тіркеу картасының бір данасын орындаушы ұйымға жібереді.

Орындаушы ұйым тіркелген жұмыстағы өзгерістер туралы төмендегі жағдайларда ҚазмемҒАҒЗИ-ға 30 күндік мерзімде хабарлауға міндетті:

жұмыс тоқтатылған немесе оны аяқтау мерзімі өзгергенде (жазбаша хабар жіберіледі) ;

жұмыстың атауы өзгергенде (орындаушы жаңадан рәсімдеген тіркеу картасы жіберіледі). ҚазмемҒАҒЗИ мұндай жұмысқа жаңа тіркеу нөмірін береді, сонымен бір мезгілде бұрынғы нөмірді де жояды.

9. Егер тіркелген жұмысты орындау барысында оны құпияландыру қажеттілігі анықталса, орындаушы ұйым бұл жөнінде ҚазмемҒАҒЗИ-ға белгіленген тәртіп бойынша хабарлауы тиіс.

### **Есептік құжаттарды табыс ету**

10. Тіркелген ҒЗТКЖ-ны орындаушы ұйым жұмыс (немесе оның кезеңі) аяқталған сәттен бастап әрі кеткенде 30 күн ішінде:

белгіленген үлгідегі ақпарат картасын;  
тіркелген ҒЗТКЖ туралы орындаушы ұйымның басшысы бекіткен ғылыми-техникалық есепті ҚазмемҒАҒЗИ-ға жібереді.

Жұмыс бюджет қаражаты немесе бюджеттен тыс қорлар есебінен қаржыландырылған жағдайда тіркелген жұмыс туралы қорытынды есеп тапсыру

міндетті болып табылады.

Мұндай жағдайда, егер ҒЗТҚЖ-ны жүргізу жоспарында (бағдарламасында) көзделген болса, жұмыс кезеңі бойынша есеп тапсыру да міндетті болып табылады.

11. Аяқталған, ерікті түрде тіркелген ҒЗТҚЖ бойынша ҚазмемҒАҒЗИ-ға ақпарат картасымен бірге жұмыс туралы ғылыми-техникалық есеп немесе жарнамалық-техникалық сипаттама табыс етіледі. Есепті табыс ету кезінде орындаушы ұйым ҚазмемҒАҒЗИ-ға есепті тарату жөнінде шарттар қоюы мүмкін.

12. Дұрыс ресімделмеген құжаттарды түзету үшін ҚазмемҒАҒЗИ кері қайтарудың объективті себептерін көрсете отырып, оларды орындаушы ұйымға қайтарады. Орындаушы ұйым кері қайтарылған құжаттар алынған күннен бастап әрі кеткенде 20 күн аралығында оларға түзетулер енгізіп, ҚазмемҒАҒЗИ-ға жөнелтуге міндетті.

ҚазмемҒАҒЗИ-ға табыс етілетін құжаттардағы деректердің толымдылығы мен дұрыстығына және оларды рәсімдеудің сапасына орындаушы ұйым жауап береді.

13. Кешенді жұмыс аяқталған соң барлық орындаушы ұйымдар (бас ұйым мен серіктес орындаушы ұйымдар) осы Тәртіптің 10 және 11 тармақтарында баяндалған талаптарға сәйкес қажетті есептік құжаттарды табыс етеді.

14. Есептік құжаттарды алған соң ҚазмемҒАҒЗИ оларға түгендеме нөмірін береді және 20 күндік мерзімде ақпарат картасының бір данасын орындаушы ұйымға жібереді.

ҒЗТҚЖ туралы есептер микрофильмге түсірілген соң орындаушы ұйымға қайтарылады.

ҒЗТҚЖ есептерінің микрокөшірмелерін ҚазмемҒАҒЗИ Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі жанындағы Республикалық ғылыми-техникалық кітапханаға мемлекеттік сақтауға береді.

15. Қазақстан Республикасының Ғылыммині орындаушы ұйымдардың аяқталған ҒЗТҚЖ бойынша ғылыми-техникалық құжаттама дер кезінде табыс етілуіне бақылау жасауды ұйымдастырады.

### **ҒЗТҚЖ туралы құжаттарды тарату шарттары**

16. ҒЗТҚЖ туралы ақпарат материалдарының мемлекеттік қорына кіретін ақпарат құжаттарының көшірмелерін, сондай-ақ тіркелген жұмыстар туралы деректерді ҚазмемҒАҒЗИ жұмыстарды орындаушы ұйымдар ақпарат карталарында көрсеткен шарттар негізінде Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғаларына табыс етеді.

17. ҚазмемҒАҒЗИ ғылыми-техникалық құжаттамасы мемлекеттік сақтауға тапсыруға жататын аяқталған ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және жобалау-технологиялық жұмыстардың тізбелерін Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама архивіне табыс етеді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК